

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Байдуллаева Гүлжайнар Бектай қызы

Ташкент облысы Шыршық Мемлекеттік Педагогика

Университеті Гуманитар пәндер факультеті ҚТА21/2 топ студенті

Ғылыми жетекші: **Байқабылов Өсербай**

АНТАЦИЯ

Бұл мақалада, қазақ тілі сабағында өтілетін, морфология саласына кеңінен тоқталуды, және морфологиялық талдау жұмысын жасауды жалпы мақсат етіп алдық.

***Кілт сөзі** - Сөз таптары, сөз топтары, атаушы сөз, көмекші сөз, одағай сөз.*

ABSTRACT

In this article, we made a general goal to focus on the field of morphology, which is held in the Kazakh language class, and to make a morphological analysis.

***Key word** - Word classes, word groups, noun, auxiliary word, single word.*

Оқушылар қазақ тілі сабағында, өтілетін морфология тақырыбын түсіндірген кезде, сөз таптарынан бөлек, сөз топтарына да түсінік беріп өтуді керек етеміз. Сөз топтары жайлы сөз өрбітетін болсақ. Қазақ тілінде сөз топтары үш топқа бөлінеді. Олар: атауыш сөздер, көмекші сөздер, одағай сөздер.

1. Атауыш сөздер - лексикалық мағыналары, өздеріне тән грамматикалық тұлғалары бар, түрлі қосымшаларды қосып алып, сөйлемде сөйлем мүшелерінің

қызметін атқара алатын сөздер. Атауыш сөздерге есімдер (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу.

2. Көмекші сөздер - лексикалық мағынасы жоқ, көбінесе грамматикалық қызмет атқаратын жәрдемші сөздер. Көмекші сөздерге, көмекші есім, көмекші етістік, шылаулар жатады.

3. Одағай сөздер - адамның көңіл күйі мен сезімін білдіру үшін қолданылатын сөздер. Одағай сөздерге, одағай жатады.

Ал сөз табы деп жалпы лексика грамматикалық сипаттары мен белгілері бәріне бірдей ортақ болып келетін сөздердің тобын атаймыз.

Қазақ тіліндегі сөздер мынадай 9 сөз табына бөлінеді.

1. Зат есім, (бет, қол)
2. Сын есім (қызыл, биік)
3. Сан есім (бір, жүз)
4. Есімдік (мен, сен)
5. Етістік (бару, жазу)
6. Үстеу (тез, таза)
7. Шылау (үшін, туралы)
8. Еліктеу сөз (күліп, тарс - турс)
9. Одағай (алақай, тәйт, құрау - құрау)

Морфологиялық талдау, сөз таптарынан сөз топтарына, толық меңгергеніне қарай, жүзеге асады. Соған орай біз морфологиялық талдау үлгісін жасайық. Мысалы: Қолындағы елу сиырды жүз елуге жеткізген колхозшылар әлдеқашан орден алды.

Қол - түбір

- ы - тәуелдік жалғау III жағының көрсеткіші,

- нда - жатыс септік жалғауы.

- ғы - зат есімнен сын есім тудырып тұрған жұрнақ.

елу - есептік, дара сан есім,

сиырды - деректі, жалпы, жалаң зат есім,

сиыр - түбір

- ды - табыс септік жалғауы,

жүз елуге - күрделі есептік сан есім,

жүз елу - түбір,

- ге - барыс септік жалғауы,

жеткізген - өткен шақтық есімше,

жет - түбір,

- кіз - өзгелік етіс,

- ген - өткен шақтық есімшенің жұрнағы,

колхозшылар - деректі, күрделі, жалпы зат есім,

колхоз - күрделі қысқарған түбір,

- шы - зат есімнен зат есім тудырып тұрған жұрнақ,

- лар - көптік жалғауы,

әлдеқашан - белгісіздік есімдігі, әлде және қашан деген түбірден біріккен,

орден - деректі, жалпы, жалаң зат есім,

- ді - деген табыс септік жалғауы түсіп қалған, (орденді алды)

алды - болымды, сабақты, негізгі етістік,

ал - түбір,

- ды - жедел өткен шақ жұрнағы.

Қорыта айтар болсақ. қазақ тілі сабағында морфологиялық талдау жұмысын орындаған кезде ең алдымен, сөз таптары мен сөз топтарының айырмашылығын, ажыратып алу мақсатында, талдау жұмысын жасауды ұйғардық.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. wikipedia.
2. Ш. Б. Бектуров. Қазақ тілі, лексика, фонетика, морфология, синтаксис. Алматы, 2006.
3. iTest. kz.